

## **“Жақсыбайкөл негізгі мектебі” КММ**

2022-2023 оқу жылында 7 сыныпта жүргізілген тәрбие жұмысының  
талдауы

Сынып жетекшісі: Жолдасаова М

## **Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2022-2023 оқу жылында 7 сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы**

2022-2023 оқу жылында 7 сыныпқа 10 оқушы қабылданды. Оның 3-еуі ұл бала, 7-уы қыз бала. Жылдық қорытынды сапалық көрсеткіші - 50% құрайды.

Озат:Сисимов Жантілек,Қуанышқызы Мадина,Мерданова Дана

Екпінділер: Досжанов Бекнұр,Әлім Ақтілек

Отбасылық жағдайы: Сыныпта 9 де толық отбасы, жағдайы қалыпты. Сыныпта 4 оқушыда көп балалы отбасынан.

Оқушылардың жеке бас тазалығы жақсы,жекелеген оқушыларға ескертулер берілді.Кейбір оқушылар денсаулығына байланысты дәрігерден анықтамалар тапсырды.Оқушылар жыл бойғы бүкіл шараларға белсене ат салысты.

### **ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:**

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

- 1.Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-танымдық тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
- 4.Отбасылық тәрбие
- 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- 7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
- 8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Оқу жылының басында 8-бағыт бойынша тәрбие жұмысының жоспары құрастырылды. Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген іс-шараларға белсене араласты. Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі онлайн (ватсап желісі) офлайн байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспар, жұмыстарын (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел) т.б бала тәрбиесіне қатысты. Жиналыстарды сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тиым салу, сауалнама, баяндамалар оқылып, талқыланды. Ата-аналар оқушылардың жыл бойына сабағына қатысты.

1-қыркүйек Білім күніне арналған «Терең білім, еңбекқорлық және отанылдық қасиет» сынып сағаты, мектептегі қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп сынып сағаты өткізілді.

Сонымен қоса «Қарттарым асыл-қазынам!» рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша оқушылар қарттармен кездесіп көп сұрақтарына жауап алды.

Қазан айында «Ұстаз-аты биік, әрі мәңгілік!» ардагер ұстаздармен кездесу, «Ы.Алтынсарин- балалар әдебиетінің атасы», «Кітапхана ақпарат әлемі» атты тәрбие сағаттары зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бойынша оқушылар тақпараттармен танысты, «Дені саудың-жаны сау өтті» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

Желтоқсан айында тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес «Жыр алыбы-Жамбыл» оқушыларға баяндама оқылып, 13-желтоқсан күні «Табиғат тағдыры-адам тағдыры», 20-желтоқсан күні «Дені сау ұрпақ-ел болашағы», және Ақын м.Мақатаевтың туған күніне орай «Жырлайды жүрек» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

Наурыз айында «Анашым ардақты жан» аты 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай мерекелік тәрбие сағаты өткізіліп, аналарымызды құттықтадық. Сонымен қатар «Амал

мерекесі», «Нұр себеле ұлыстың ұлы күні» атты тәрбие сағаттары уақытылы өткізіліп отырды.

Сәуір айында «1 сәуір-құстар күні» орай оқушыларға баяндама оқылып, «Тәрбие басы тал бесік» тақырыбында баяндама оқылып, «Ұлы ұстаз-Ахмет Байтұрсынұлы», «Мамандықтың бәрі жақсы» атты тәрбие сағаттары болды.

Мамыр айында «Бірлігіміз жарасқан», «Ер есімі-ел ішінде» атты тәрбиес сағаттары, «Еңбек-бәрінде жеңбек»дөңгелек үстелі өткізілді.

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып

оқушылары төмендегі үйірме жұмыстарына қатысты.

| Шебер қолдар   | Дебат клубы                                              | Волейбол                                                                |
|----------------|----------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|
| Мержанова Дана | Сисимов Жантілек<br>Қуанышқызы Мадина<br>Досжанов Бекнұр | Жасұланқызы Каусар<br>Мержанова Дана<br>Құдышова Аружан<br>Әлім Ақтілек |

Оқушылар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, алдын-алу мақсатында әртүрлі форматта жұмыстар ұйымдастырылды.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі тақырыптар қамтылды. Мектеп психологы Г.Балпашова өзінің жұмыс жоспарына сай сыныпта буллингке қатысты өзін-өзі бағалау мен және менің дінге көңарасым т.б жұмыстар жүргізді. 2022-2023 оқу жылында оқушылармен жүргізілген жұмыстарда сыныптарбойынша бейресми оқушы анықталмады.

2022-2023 оқу жылында өткен тәрбие сағаттары

| № | Тәрбие жұмысын бағыттары                                               | Өтілген тәрбие сағаттар саны<br>34 сағат | Қосымша тәрбие сағаттар саны |
|---|------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------|------------------------------|
| 1 | Жаңа қазақстандық патриотизм жәнеазаматтыққа тәрбиелеу,құқықтық тәрбие | 5                                        | 3                            |
|   | Мінез-құлық мәдениетіне, оның                                          | 3                                        | 2                            |

|   |                                                                       |    |   |
|---|-----------------------------------------------------------------------|----|---|
|   | ішінде интернет кеңістігіндегі киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу |    |   |
| 2 | Отбасылық тәрбиесі                                                    | 4  | 2 |
| 3 | Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты                               | 3  | 2 |
| 4 | Ұлттық тәрбие                                                         | 2  | 2 |
| 5 | Рухани – адамгершілік тәрбие                                          | 10 | 2 |
| 6 | Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі                       | 4  | 2 |
| 7 | Көпмәдениетті және көркемэстетикалық тәрбие                           | 1  | 2 |
| 8 | Дене тәрбиесі салауатты өмір салты                                    | 3  | 2 |